



ОТБАСЫ – ҚОҒАМНЫҢ БЕРІК ТІРЕГІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда қазақстандықтарды Отбасы күнімен құттықтап, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы және өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі отбасының ерекше рөлін атап өтті.

Отбасы - ұлттың бірегей болмысын айқындайтын және мемлекет пен қоғамның дамуына тікелей ықпал ететін айрықша маңызды институт. Әр азаматтың дүниетанымы, адами қасиеттері қастерлі қара шаңырағында қалыптасады, - деді Мемлекет басшысы.

2013 жылдан бастап қыркүйектің әрбір екінші жексенбісінде аталып өтетін Отбасы күні мерекесі биыл да кеңінен тойланды. Мәселен, биыл Отбасы күні аясында еліміздің барлық өңірінде 12 мыңға жуық адамды қамтыған мыңнан астам іс-шара өткізілді. Отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты білімі мен дағдысын арттыруға, балалар мен жастардың денсаулығын нығайтуға, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған тақырыптық акциялар, кездесулер, семинарлар мен ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Осы ретте, біздің ауданда да бірқатар маңызды іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, аудан басшылығы мереке қарсаңында орталық алаңда үлкен киіз құрып, атақты еңбек әулеттерінің басын қосты.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов салтанатты шарада Бейсенов, Маркшталер және Петрашин сынды жанұялармен дастархан басында кездесіп, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және білім беру салаларында еңбек етіп жатқан жандарға құрмет көрсетті.

«Мен үшін бүгін ондаған жылдар бойы өз еңбектерімен ерекшеленген отбасыларын бір дастархан басына жинап, оларға құрмет көрсету - үлкен мәртебе. Сіздердің әрқайсыңыздың жеке отбасылық тарихтарыңыз бар. Әр жанұя ауыл шаруашылығымен, білім берумен, медицинамен тығыз байланысты», - деді Рахат Смағұлов кездесуді аша отырып.

Жалғасы 2-бетте.



ҚҰРЫЛТАЙ ЖАНЫНАН ҚОҒАМДЫҚ ПАЛАТА ҚҰРЫЛАДЫ

Құрылтай отырысында бірінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Құрылтайының жанынан Қоғамдық палата құру туралы шешім қабылданды.

Қоғамдық палата депутаттардың сарапшылармен, ғалымдармен, азаматтық қоғам, кәсіби бірлестіктер және өңірлер өкілдерімен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын тұрақты жұмыс алаңына айналуға тиіс. Оның құрамына 50 адам енгізу көзделіп отыр.

Палатаның негізгі міндеттерінің бірі – заң жобаларын «нәлдік оқылым» сатысында қоғамдық және сараптамалық зерделеу. Бұл заң жобаларын өзінше кезеңінде кәсіби ұсынымдарды, балама ұсынымдар мен ұсыныстарды ескеруге мүмкіндік береді.

Қоғамдық палата алаңында еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері де талқыланады.

Алдағы уақытта Құрылтай Бюросы Қоғамдық палата туралы ережені бекітіп, оның құрамын айқындауға және басшылық лауазымдарға тағайындау жүргізуге тиіс.

19 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ СЕНБІЛІК ӨТЕДІ!



Құрметті аудан тұрғындары!

19 қыркүйек күні сағат 10:00-де «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында көшет отырғызумен жалпы аудандық сенбілік өтеді.

Барлық тұрғындарды көшелерді, аула аумақтарын және жалпы пайдалану орындарын санитарлық тазалауға, сондай-ақ ауданымызды көгалдандыруға белсенді қатысуға шақырамыз.

Бірге ауданымызды таза, жайлы және әдемі етейік! Сіздерді сенбілікке белсенді қатысуға шақырамыз! Барлығыңызды 19 қыркүйек күні сағат 10:00-де күтеміз!

ЗАҢ МЕН ҚОҒАМ

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕГІ ӨЗГЕРІС: ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР КҮШІНЕ ЕНДІ

Елімізде тұрғын үй кезегінде 100 мен тұрғын үйді бөлу тәртібі жаңартылды.

14 қыркүйектен бастап бес маңызды өзгеріс күшіне енді. Бұдан былай тұрғын үйді бөлу кезінде отбасы құрамы мен бөлме саны көбірек ескеріледі. Ал кезекке жанадан тұратын азаматтарға қосымша шектеулер қойылады.

Енді қандай өзгеріс болғаны туралы айтайық. Біріншіден, отбасы құрамына көбірек туыс қосылады. Бұрын ерлі-зайыптылар мен олардың балалары есепке алынатын. Енді өзара келісім бойынша отбасы құрамына ерлі-зайыптылардың ата-аналарын, немерелері мен қамқоршыларын да қосуға болады.

Отбасы құрамына қарай кезекте тұрған азаматқа қандай тұрғын үй берілетіні анықталады. Отбасы мүшелері неғұрлым көп болса, пәтер де соғұрлым кең болады.

Екіншіден, тұрғын үйдегі үлес 50% немесе одан көп болмауы керек. Осы кезге дейін үлестің мөлшеріне қатысты нақты шектеу болмаған. Енді егер кезекте тұрған азаматтың немесе оның отбасы мүшесінің тұрғын үйдегі үлесі 50% немесе одан көп болса, ол тұрғын үй кезегінен шығарылады.

Егер үлесі 50%-дан аз болса, мысалы, 3/1 немесе 4/1 бөлігі болса, бұл ереже қолданылмайды.

Тағы бір ескеру кететін нәрсе, тұрғын үй кезегінде бұрыннан тұрған азаматтарға жаңа талап қолданылмайды.

Үшіншіден, пәтерлер енді ауданына емес, бөлме санына қарай бөлінеді.

Бұған дейін негізінен тұрғын үйдің ауданына бір адамға шамамен 15-18 шаршы метрге назар аударылатын. Бұл жолы отбасы құрамы мен қажетті бөлме саны ескеріледі.

Мысалы, бір жынысты екі баласы бар отбасыға екі бөлмелі пәтер ұсынылуы мүмкін. Ал балалары әртүрлі жыныста болса, әрқайсысына жеке бөлме қарастырылуы үшін үш бөлмелі пәтер ұсынылуы ықтимал.

Яғни, тұрғын үйді бөлу кезінде тек шаршы метр емес, бөлме саны да ескеріледі.

Төртіншіден, жетім балалар кезектегі нөмірін сақтайды. Бұрын бала асырап алу, қамқоршылық немесе қорғаншылық тоқтатылған жағдайда, бала тұрғын үй есебіне қайта тұру мәселесін шешуге мәжбүр болатын.

Енді егер бала асырап алу, қамқоршылық немесе қорғаншылық тоқтатылса, бала бастапқы кезекке қойылған күнін сақтай отырып, қайтадан есепке тұра алады. Бұл бұрын алған кезектегі орнын жоғалтпауға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, ауылдық жерлердегі кезекте тұрғандар жалға берілетін тұрғын үйді өздері таңдай алады.

Бұрын жалпы SMS-хабарлама жүйесі қолданылатын. Енді SMS күтудің қажеті жоқ. Ауылдық елді мекендерде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар жалға берілетін тұрғын үйді өздері таңдап, өтініш бере алады.

Ал үйді сатып алу-сатуға қатысты мынадай мәлімет бар. Мысалы, тамызда елімізде тұрғын үйді сатып алу-сатуға қатысты 35 807 мәміле жасалынды. Бұл пілде айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 3,6%-ға аз. Алматы мен Астанада көп үй сатылған екен.



ОТБАСЫ – ҚОҒАМНЫҢ БЕРІК ТІРЕГІ



Жалғасы, басы 1-бетте.

«Біз бүгін шынымен мақтануға лайық отбасылардың өкілдерін көріп отырғанымызға өте қуаныштымыз. Еңбек әулеттері бір мамандықтағы адамдардың бірнеше ұрпағын тәрбиелеген адамдар ғана емес, олар әкеден балаға дейін жалғасы келе жатқан кәсіби тәжірибе мен адами қасиеттер, сондай-ақ іске оң көзқарастың үлгісі. Бұл біздің ауылдарды, мектептерді, медициналық мекемелерді, бизнесті және ауыл шаруашылығын күн сайын өз еңбегімен дамытқан нағыз еңбеккерлер».

Айтулы жиында бірінші болып таңның атысынан күннің батысына дейін егістік алқабында қажырлы еңбек етіп келе жатқан Маркшталер әулеті таныстырылды. Біздің аудан ауылшаруашылығына ден қойған аймақ болғандықтан диқаншылардың еңбегі ершауан зор құрметке ие.

Маркшталер жанұясы - кәсіпті ұрпақтан ұрпаққа жалғап, көктемде егін егіп, күзде астық жинауды мақсат еткен ауыл еңбеккерлері. Отағасы Виктор Александрович пен оның ұлдары — Виктор, Евгений және Денистің жалпы еңбек өтілі 137 жылды құрайды екен. Бұл есерлі көрсеткіш екені анық. Ұрпақтар сабақтастығы Жер Анаға деген адалдық пен сүйіспеншілікті растайды.

Маркшталерлердің ауылшаруашылық әулетін Виктор Александрович (зейнет-

кер, механизатор, еңбек өтілі 40 жыл) бастап келген екен, отанасы Зинаида Захаровна (зейнеткер, мал өсіруші, еңбек өтілі 24 жыл), үлкен ұлы Виктор Викторович («Писаревское Агро» ЖШС механизатор, еңбек өтілі 28 жыл), екінші ұлы Евгений Викторович («Писаревское Агро» ЖШС механизатор, еңбек өтілі 25 жыл), кенже ұлы Денис Викторович («Писаревское Агро» ЖШС механизатор, еңбек өтілі 20 жыл).

Отбасының үшінші буыны да осы жолды таңдаған екен. Виктор Викторовичтің ұлы Александр да өз өмірін ауыл шаруашылығымен байланыстырып отыр. Бұл, әрине, еке жолын қуған баланың таңдауы - қуанышты жағдай. Осындай игі отбасылық дәстүрлер - болашақтың берік негізін құруға бағытталған маңызды қадам.

Келесі отбасы Бейсеневтер - ең асыл және ең қажетті мамандық өкілдері. Олар денсаулық сақтау саласын таңдаған жандар. Адам денсаулығы - ең үлкен құндылық. Медицина қызметкері үлкен, мейірімді және күшті жүрекке ие болуы керек. Өз жұмысының ерекшелігіне байланысты олар күнделікті қызметінде адамдарға алаңдаушылық білдіріп, емделушілермен тығыз байланыста болады. Кәсіби білім мен мол тәжірибеден басқа, оған өзін-өзі бақылау, үлкен еңбекке қабілеттілік, пациенттерге жанашырлық және адамдарға

және оның ісіне деген үлкен сүйіспеншілік қажет.

Бейсеневтер әулеті - медицина саласының мейірімді мамандары. Олардың медицинадағы жалпы еңбек өтілдері - 96 жылды құрайды. Осы аралықта ақ халатты абзал жандар мыңдаған жаңға көмек көрсетіп, адамдардың денсаулығы үшін жауапкершілік, кәсіби қалыптасу және өзін-өзі жетілдіру жолынан өтті.

Отағасы Алтай Дүйсенбайұлы аудандық емханада еңбек етеді, зейнеткер, еңбек өтілі 38 жылды құрайды, ал отанасы Хайша Ғалымжанқызы медбике болып жұмыс істейді, оның еңбек өтілі 44 жыл екен. Ал олардың ұлы Руслан Алтайұлы облыстық балалар ауруханасында стоматолог мамандығы бойынша қызмет атқарады, оның еңбек өтілі 15 жыл.

Алтай Дүйсенбайұлы Бейсеневті ауданда көпшілік жақсы таниды. Омбы мемлекеттік университетін бітірген жас стоматолог Булаевқа келіп, көп ұзамай лайықты құрметке бөленген дәрігер. Жұбайы Хайша Ғалымжанқызымен студент кезінде кездесіп, қазір Бейсеневтер отбасы - ауданның еңбек сіңірген еңбек әулеттерінің бірі.

Үшінші отбасы - Петрашиндер ұстаздар әулеті. Мұғалімнің жұмысы болашаққа бағытталғаны белгілі. Олардың қолында еліміздің ертеңі болатын келешек ұрпақты тәрбиелеу міндеті тұр. Александровка

ауылынан шыққан мұғалімдер әулетінің жалпы педагогикалық өтілі 127 жылды құрайды.

Әулеттің үлкені Евдокия Давыдовна - құрметті педагог. Ол Алуа ауылындағы мектепте 40 жыл жұмыс істеген. Отанасы Лидия Александровна да Александровка мектебінде 44 жыл сабақ беріп, мұғалім, директор қызметін атқарып, қазір құрметті зейнет демалысында.

Қазір әжесі мен анасының еңбек жолын Александровка мектебінде жұмыс істеп келе жатқан Лидия Александровнаның ұлдары - Дмитрий Витальевич (еңбек өтілі 29 жыл) пен Денис Витальевич (еңбек өтілі 12 жыл) жалғастыруда. Екеуі де өз кәсібінің лайықты өкілдері және еңбек әулетінің даңқын жалғастырушы ұстаздар.

Кездесу өзара сыйластық әрі достық жағдайда өтіп, құрметті қонақтар үшін аудандық Мәдениет үйінің әншісі Қайрат Жамбай өсем әннен шашу шашып, күмбірлеген домбырамен өнер көрсетті. Меймандар арнайы жайылған дастархананан дәм татып, өз отбасыларының тарихымен ой бөлісіп, еркін әңгімелесті.

Салтанатты жиында қорытындылаған аудан басшысы барлық әулет өкілдеріне шынайы ризашылығын білдіріп, еліміз үшін еңбек етіп жатқан отбасыларға ізгі тілектерін арнады.

Баршаныңа мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен береке тілеймін. Әр шаңырақта татулық пен түсіністік, қуаныш пен бақыт орнасын.

Ұрпақтар сабақтастығы үзілмей, атадан балаға жалғасқан жақсы дәстүрлеріміз әрдайым сақталсын. Балаларымыз ата-анасының еңбегін мақтан тұтып, өз жолын тауып, елге пайдасын тигізер азамат болып өссін.

Әр отбасының шаңырағы биік, керегесі кең, дастарханы мол болсын!

Отбасыларыңызға бақ-береке, бірлік пен баянды бақыт тілеймін!

Отбасы күні құтты болсын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Кездесу соңында әрбір еңбек әулеті жемісті еңбегі, іске берілгендігі және ауданның дамуына қосқан үлесі үшін Қостанай шипажайына 10 күн мерзімге жолдама табыс етілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөздерінде өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі отбасының ерекше рөлін үнемі атап өтіп келеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, отбасы, мектеп және мемлекет арасындағы өзара ынтымақтастық жауапты, еңбекқор әрі жасампаз тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Өйткені бала ең алдымен отбасынан тәлім алады. Еңбекке деген құрметті, жауапкершілікті, үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды да отбасынан үйренеді. Сондықтан отбасы - тек адамның өмір сүретін ортасы ғана емес, ол - тәрбие мен тағылымның, салт-дәстүр мен адамгершілік құндылықтардың алтын бесігі.

ҚЫЗЫҚ ПЕН ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ МЕРЕКЕ

Жұма күні Булаев қаласының «Достық» ерталық саябағында Отбасы күніне арналған спорттық мереке ұйымдастырылды.

Іс-шараға отбасылық ошақтың үлкен күш, бірлігі, достығы және командалық рухы мықты екенін дәлелдеген жанұялар қатысты.

Спорттық сайыс барысында қатысушылар дартс, садақ ату, макаронды жіпке тізу, сөздерді есте сақтап, қағазға түсіру, ерекше киім үлгісін құрастыру сияқты түрлі сайыстарда бақ сынасты.

Қызықты әрі тартысқа толы жарыста ең көп ұпай жинаған Манаповтар отбасы жеңімпаз атанды. Қасымовтар жанұясы 2-ші орынды жеңіп алса, Андреевских әулеті 3-ші орынды қанағат тұтты.

«Әділет» партиясының қолдауымен ұйымдастырушылар атынан жеңімпаздар мен жүлделерге кубоктар, дипломдар мен «Нептун» демалыс орталығына жолдамалар табыс етілді.

Қалған отбасылық командалар да жақсы өнер көрсетіп, жарысты қыздыра түскені сөзсіз. Сондықтан олар да көрермендердің көзінамына айналып, тиісті марапаттарын алды.

Мереке қатысушыларға жақсы көңіл-күй, жарқын эмоциялар және бірге белсенді және көңілді уақыт өткізуге мүмкіндік берді. Бұл отбасында қолдау мен сүйіспеншіліктің қаншалықты маңызды екендігінің тағы бір дәлелі болды.

Мұндай іс-шаралар отбасылық құндылықтарды насихаттап, бәрімізді бір-бірімізге жақын болуға, жақындарымызға қуаныш сыйлауға және алтын бесік - отбасымызды бағалауға үйрететіні анық.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



ЖҰМЫС САПАРЫ



ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АУДАН ӘКІМІНІҢ БАҚЫЛАУЫНДА

Аудан әкімі Рахат Смағұлов Қарақоға ауылына жұмыс сапары аясында инфрақұрылым объектілерін және жүріп жатқан құрылыс жұмыстарының барысын тексерді.

Сапар барысында ауылдың бірқатар әлеуметтік маңызы бар және инфрақұрылымдық объектілері қаралды:

- Қарақоға ауылы көшелерін орташа жөндеу — жол жөндеу жұмыстарының барысы мен жеткізілген материалдың сапасы тексерілді.

- Су құбыры құрылыстары алаңын реконструкциялау — объектінің дайындығы тексерілді, орындалған жұмыстар сумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін арттыру және тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған.

- Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің (ДШСК) құрылысы — құрылыс жұмыстарының барысы қаралды. Бұл жобаны жүзеге асыру, әсіресе балалар мен

жастар үшін, дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға қосымша мүмкіндіктер жасауға жол ашады.

- Заманауи ветеринариялық пункттің құрылысы — Қарақоға ауылы ағымдағы жылы заманауи модульдік ветпункт құрылысы жүріп жатқан ауданның бес елді мекенінің қатарына енді. Құрылыс жұмыстарының барысы қаралды.

Тексеру қорытындысы бойынша жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берілді. Жұмыстардың мерзімінде әрі сапалы орындалуына және бюджет қаражатының тиімді жұмсалуына ерекше назар аударылды.

Қарақоға ауылы тұрғындарының өмір сүру жағдайын жақсарту және инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасуда.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ТЕКСЕРІЛДІ



Аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласындағы Нефтеплощадка кентіне барып, жұмыс сапары аясында жылыту жүйесінің аяқталған жөндеу жұмыстарын тексерді.

- Жұмыстың толық көлемі орындалды: коллекторлар, тұрғындардың пәтерлеріне дейінгі құбырлар мен жабдықтар монтажданып, қосылды, кеңейткіш бак орнатылып, жалғанды, жүйе сумен толтырылып, опрессовка жасалды, сондай-ақ резервтік генератор орнатылды.

- Жүйе пайдалануға толық дайын - бұл алдағы жылыту маусымында тұрғындарды үздіксіз

жылумен қамтамасыз етеді.

- Сондай-ақ аудан әкімі Нефтеплощадка кентінің тұрғындарымен кездесті. Кездесуде тұрғындарға жылыту жүйесін жөндеудің аяқталуы мен алдағы жылыту маусымына дайындық барысы туралы баяндалып, қолданыстағы жылу тарифтері түсіндірілді. Тұрғындар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

ДУҚАНДАР ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫ ЖИНАУДЫ АЯҚТАУҒА ЖАҚЫН

Алпанның басында ауа райы өзгеріп, жаңбырлы күндер көбейді. Соның салдарынан орақ науқаны сәл бәсеңсіп, жұмыстар енді қайта жандана бастады. Аудан дикандары жаңа қоркынмен егістік алқаптарына шығып, піскен алтын дәнді ысырпалық жинап алуды көздеп отыр.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды жинау алаңы 301,0 мың га құрайды, оның ішінде бидай — 238,9 мың га, арпа — 28,0 мың га, сұлы — 1,9 мың га, астық қоспасы — 0,5 мың га, жасымық — 13,5 мың га, бұршақ — 14,7 мың га, қарақұмық — 1,1 мың га, жүгері астық — 2,3 мың га.

Майлы дақылдарды жинау алаңы — 97,7 мың га (қыша — 2,0 мың га, рапс — 37,3 мың га, зығыр — 42,7 мың га, күнбағыс — 15,0 мың га, соя — 0,6 мың га) құрайды.

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің хабарлауынша, 17 қыркүйектегі жағдай бойынша бүгінгі таңда ауданда 254,6 мың га (84,5%) астыққа шалғы түскен, тиісінше, 245,5 мың га (81,5%) дақыл бастырылған. Гектарына 15,0 центнер өнімділікпен 368,3 мың тонна астық қамбаға түсті.

Майлы дақылдар 37,1 мың га (38,0%) аумақта шабылып, 25,8 мың га (26,4%) егістік бастырылды, 27,9 мың тонна астық қамбаға түсті. Орташа өнімділік гектарына 10,8 центнерді құрап отыр.

Қосымша мәлімет бойынша бүгінгі күні жемшөп дақылдарын 26,4 мың га алқапта,

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

«СК АГРО» ЖШС 165 БАС АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ӘКЕЛІНДІ

Солтүстік Қазақстан облысында сүт өндіру көлемін арттыруға бағытталған инвестициялық жобаны іске асыру жалғасын жатыр. «СК Агро 2050» ЖШС-нің сүт-тауарлы фермасына Германиядан голштин-фриз тұқымының 165 асыл тұқымды қашарының алғашқы партиясы жеткізілді.



660 бас асыл тұқымды мал әкелу көзделген. Қалған 495 қашар кезек-кезеңімен жеткізіледі. Асыл тұқымды мал сатып алу Мал шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары аясында жүзеге асырылуда. «Береке» бағдарламасы бойынша осы бағытты іске асыруға «Солтүстік» ӘКК арқылы 1,4 млрд теңге қаржыландырылды.

Жоғары өнімді асыл тұқымды мал әкелу кәсіп-орынға сапалы аналық мал тобын қалыптастыруға, сауын табынды ұлғайтуға және сүт өндірісінің өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау кәсіпорынды технологиялық жаңғыртуға және өндірістік қуаттарды кеңейтуге жағдай жасап отыр.

Жоба аясында сүт-тауарлы фермасындағы мал басын кезек-кезеңімен 12 мың басқа дейін жеткізу жоспарланған. Кешен жобалық қуатына шыққаннан кейін тәулігіне 150 тоннаға дейін сүт өндіру күтілуде. Сонымен қатар жобаны іске асыру нәтижесінде 120-дан астам тұрақты жұмыс орны ашылады.

Сүтті мал шаруашылығын дамыту, отандық өнім өндірісін арттыру және асыл тұқымды мал қорын нығайту — мемлекеттік аграрлық саясаттың басым бағыттарының бірі. Жоғары өнімді асыл тұқымды малды пайдалану сүт өндірісінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ

13 қыркүйек жексенбі күні Булаев қаласында тұрғындарды сапалы, жаңа әрі қолжетімді өнімдермен қамтамасыз ету мақсатында кезекті ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті.

Тұрғындарға «Солтүстік» ӘКК тарапынан төмендетілген бағамен тауарлардың кең ассортименті, сондай-ақ жергілікті өндірушілердің өнімдері ұсынылды. Қала тұрғындары жәрмеңкеден жаңа жылқы және сиыр етін, сүт өнімдерін, көкөністерді, табиғи балды және басқа да өнімдерді сатып ала алды.

Алдағы қысқы кезеңге дайындыққа да ерекше көңіл бөлінді. Жәрмеңкеде пішен, сабан, отын және мал азығы да төмендетілген бағамен ұсынылды.

Мұндай жәрмеңкелерді өткізу отандық және жергілікті өндірушілерді қолдауға, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға, сондай-ақ тұрғындарға қажетті азық-түлік пен шаруашылыққа қажетті тауарларды тиімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді.



САУДАНДЫҚ ФЕСТИВАЛЬ-БАЙҚАУЫ

«ТІЛ – ДОСТЫҚ КӨПІРІ»



15 қыркүйек күні аудандық Мәдениет үйінің концерт залында Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Тіл – достық көпірі» аудандық фестиваль-байқауы ұйымдастырылып, кітап көрмесі, ұлттық өнер мен мұраға арналған көрмелер қанат жайды. Байқауға аудан әкімінің орынбасары Айгүл Мұқанова, аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры Серік Жұмағұлов, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Динара Сүрағанова, жастар ресурстық орталығының жастар бойынша маманы Мария Талайдына қазылық етті.

Фестиваль аясында ауданның барлық ауылдық округтері мен Бұлаев қаласынан келген 50-ден астам қатысушы ән, би, көркем сөз оқу және тақырыптық көрме бағыттары бойынша өз өнерлерін ортаға салды.

Фестиваль қорытындысы бойынша келесі ұжымдар мен қатысушылар номинация жеңімпаздары атанды:

«Біз – көпұлтты Қазақстан» – «Ханшайым» үлгілі би ұжымы;

«Тіл – достық көпірі»:

* Денис Мунч – Возвышен орта мектебі;

* Мәдина Мұхаметқалиева – Орталық аудандық кітапхана;

* Зарина Нұрланова – Қарақоға ауылдық мәдениет үйі.

«Ән – кеңілдің ажары»:

* Асел Сыпабек – Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп;

* Жұлдыз Сәрсенбаева – Қарақоға ауылдық Мәдениет үйі.

«Ұлттық мұра»:

* Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы.

Фестиваль соңында барлық қатысушылар дипломдармен, алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

«Тіл – достық көпірі» фестивалі тілдің халықтар арасындағы достықты, өзара құрмет пен бірлікті нығайтатын маңызды құндылық екенін тағы бір мәрте паш сетті.

Фестивальдің жоғары деңгейде өтуіне белсенді атсалысып, шығармашылық ізденістерімен үлес қосқан барлық қатысушылар мен жетекшілерге шынайы алғысымызды білдіреміз!

Тіл – ұлттың жаны, халықтар достығының алтын көпірі!

Мадияр МОЛДАБЕК,
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің бас маманы.

«КІТАП TIME - 2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

«ЖЫРМЕН ЖАРАЛҒАН ҒАСЫР»

11 қыркүйек күні аудандық орталық кітапхана Сәбит Мұқанов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы ұйымдастырған «Кітап time-2026» республикалық фестиваліне қатысты.

Фестиваль аясында ұлы қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығына арналған «Жырмен жаралған ғасыр» әдеби сәресі таныстырылды. Кітапханашы Маржан Тұяқова келушілерді ақынның өмірімен, әдеби мұрасымен, шығармаларымен және оның поэзиясының ғажайып әлемімен таныстырды.

Қонақтар үшін әдеби викторина ұйымдастырылып, Мағжан Жұмабаевқа арналған картиналарды интерактивті түрде «жандандыру» ерекше қызығушылық тудырды. Қатысушылар қойылған сұрақтарға белсенділікпен жауап беріп,

естелік сыйлықтарға ие болды.

Шараның ерекше сәті Надежда ауылдық кітапханасының оқырманы Диана Елубаеваның Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін әсерлі түрде оқыды.

Фестиваль ұйымдастырушыларына осындай үлкен кітап мерекесінің бір бөлігі болуға мүмкіндік бергендері үшін алғысымызды білдіреміз!

Сандуғаш БЕКИШЕВА,
аудандық орталықтандырылған
кітапхана жүйесінің директоры.



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

«ҰРПАҚТАР БАЙЛАНЫСЫ»



«Жастар ресурстық орталығы» Отбасы күніне орай «Ұрпақтар байланысы. Өткен мен болашақтың диалогы» атты жылы әрі жүрекке жақын іс-шара өткізді.

Кездесудің басты мақсаты — жастар мен аға буын өкілдерінің еркін әрі шынайы қарым-қатынасына мүмкіндік беретін орта қалыптастыру. Мұнда әр қатысушы өз тәжірибесімен, отбасылық құндылықтарымен, дәстүрлерімен және естеліктерімен бөлісе алды.

Хош иісті, ыстық шай үстінде екі ұрпақ — аға буынның даналығы мен жастардың жігері бас қосты. Еркін әрі жайлы атмосферада қатысушылар отбасылық дәстүрлері туралы әңгімелеп, жүрекке жылы естеліктерімен бөлісті және әртүрлі жастағы адамдарды біріктіретін ортақ құндылықтарды атап өтті.

Кездесудің ерекше жылы өткен кезеңдерінің бірі — «Ұрпақтар көпірі» танысу бөлімі болды. Бұл кезең қатысушылардың бір-бірін жақынырақ танып, өзара ұқсастықтары мен ортақ қызығушылықтарын табуына мүмкіндік берді.

Ашық микрофон аясындағы «Жастарға бір кеңес» бөлімінде аға буын өкілдері өмірлік тәжірибесіне, жүріп өткен жолы мен жинаған даналығына негізделген ақыл-кеңестерімен бөлісті.

Жастар үлкен қызығушылықпен тындап, өздерін толғандырған сұрақтарын қойды. «Болашақ жастары» бөлімінде

қатысушылар түрлі өмірлік жағдайларды талқылап, құндылықтар, таңдау және жауапкершілік туралы ой қозғады.

Сұрақтар екі тараптан да қойылды: жастар аға буынға сұрақ қойса, үлкендер жастарға өз сауалдарын жолдады. Мұндай диалог бір-бірін жақсырақ түсінуге және өзара құрмет пен ашық қарым-қатынастың қаншалықты маңызды екенін сезінуге мүмкіндік берді.

Кездесу жылудық, мейірімділік, достық пен өзара түсіністік атмосферасында өтті. Ал іс-шара «Дауай ниғода не скоротись» өнімен аяқталып, бұл ән кездесудің мәнді әрі символдық қорытындысына айналды.

Ұрпақтар арасындағы байланыс ердайым берік әрі мығымас болсын, ал өткенді, бүгінді және болашақты жалғап тұрған алтын арқау ешқашан үзілмесін! Өйткені аға буынның бойында — баға жетпес өмірлік тәжірибе мен даналық, ал жастардың қолында — болашақты құруға деген күш-қуат пен жаңа идеялар бар.

Ұрпақтар байланысын сақтау — өз тамырыңды сақтау, өткенді құрметтеу және болашақты нық сеніммен құру деген сөз.

Мария ГАЛАЙДИНА,
жастар ресурстық орталығының
жастар бойынша маманы.

ТИНЕЙ ҚАЖЫ – ЕЛ ЖАДЫНДА ҚАЛҒАН ҚАСИЕТТІ ТҮЛҒА

Бұл жерде ерекше атап өтетін мәселе – шежіре тек өткенді баяндау үшін емес, бүгінгі ұрпақтың өзінің кімнен тарағанын білуі үшін қажет.

Шүректен Байбол, Ақболат, Елшібай және Қарауылша туған. Қарауылшадан Тіней мен Тілеулі тарайды.

Тіней Қарауылшаұлы 1842 жылы дүниеге келген. Ол өмір сүрген кезең қазақ даласындағы қоғамдық өзгерістерге, дәстүрлі өмір салты мен исламдық дүниетанымының қатар дамуына түспатүс келді. Замандастарының естеліктері мен ұрпақтарының айтуынша, Тіней ел ішінде сыйлы, парасатты және діндар адам болған.

Оның өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі – қасиетті Мекке мен Мәдина қалаларына жасаған қажылық сапары.

XX ғасырдың басында қажылыққа бару оңай іс болмаған. Қазақ даласынан шыққан мұсылмандар мыңдаған шақырым жолды атпен, арбамен, теміржол және теңіз көліктерімен жүріп өтіп, бірнеше айға созылған ауыр сапарға аттанған. Сондықтан қажылық парызын өтеп оралған адамдар халық арасында ерекше құрметке ие болған.

Тіней Қарауылшаұлының қажылық сапарына қатысты нақты деректер архив құжаттарында сақталған. 1906 жылғы 27 маусымда берілген ресми құжатта Полуден болысының қажыларына шетелге шығуға арналған төлқұжаттардың тапсырылғаны көрсетіледі. Құжат мәтінінде: «Полуденской волости Тинею Караульчину...» деп жазылып, оған №5845 паломниктік төлқұжат берілгені көрсетілген. Бұл құжат Тіней қажының қасиетті сапарға қатысқанын дәлелдейтін маңызды тарихи дерек болып табылады.

Тіней қажы туралы мәліметтер «Қазақстан қажылары» жинағының I томында да кездеседі. Онда: «Тіней Қарауылшин, 63 жаста, Петропавл уезі, Полуден болысы» деп көрсетілген. Егер оның туған жылы 1842 жыл деп есептесек, бұл дерек 1905–1906 жылдардағы қажылық сапарымен толық сөйкес келеді. Тіней қажымен бірге өңірден бірнеше белгілі азаматтар да қажылыққа барған. Олардың қатарында Бейсен Арабайұлы, Іліріс Айдарбекұлы, Биназар Битуганұлы және Мәті (Дәулетхан) Қонайұлы болған. Бұл жөнінде халық арасында сақталған тарихи деректер мен ауызша шежірелер мәлімет береді.

Қажылықтан оралған осы азаматтар туралы атақты ақын, өңші Ақан сері Қорамсаұлы 1908 жылы мынадай өлең жолдарын жазған:

«Бинаш қажы туыпты сәтімнен,
Қызылжарда кез болдык Бейсен,
Тіней, Іліріс, Биназар, Мәтімнен.
Сөлем бердік пайғамбардың атыменен,
Таныстық хактын жолы төңірдің хатымен».

Бұл өлең жолдары Тіней қажының өз заманында елге танымал, қадірлі тұлғалардың бірі болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан өңіріндегі қазақтардың ислам әлемімен рухани байланысының берік болғанын аңғартады.

Тіней қажы өмір сүрген кезең Ресей империясының соңғы жылдары мен кеңестік биліктің алғашқы кезеңін қамтиды. Қоғамдық-саяси өзгерістерге қарамастан, ол дәстүрлі рухани құндылықтарды сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізген аға буын өкілдерінің қатарында болды.

Тіней қажы Қарауылшаұлы 1924 жылы дүниеден өткен. Ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округіне қарасты Агроном ауылынан Мағжан Жұмабаев ауданы, Золотая Нива ауылына қарай шамамен 12 шақырым жерде орналасқан ескі Сартай қорымына жерленген. Қорымның орналасқан жерінің географиялық координаттары: N 54.17083, E 70.68166.

Бүгінде Тіней қажының есімі ұрпақ жадында имандылықтың, парасаттылықтың, адамгершіліктің және ата дәстүріне адалдықтың символы ретінде сақталып келеді. Оның өмір жолы мен рухани мұрасы кейінгі ұрпаққа

«Солтүстік Қазақстан өңірінің тарихында ел жадында сақталған, халық есіндегі болғанын тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Тіней Қарауылшаұлы, халық арасында Тіней қажы атымен белгілі тарихи тұлға. Оның өмір жолы қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтарымен, ислам әлемімен және туған өлкесінің тарихымен тығыз байланысты».



өнеге болып, ата-баба тарихын зерделеуге және тарихи-рухани құндылықтарды қастерлеуге үйдейді.

Тіней қажының өмір жолы – туған өлкесінің тарихындағы маңызды беттердің бірі. Оның қажылық сапары, халық арасындағы беделі және архивтік құжаттарда сақталған деректері Солтүстік Қазақстан өңірінің рухани тарихын зерттеуде құнды маңызға ие. Осындай тұлғалардың өмірін зерделеу тарихи жадымызды жаңғыртып, өткен мен бүгіннің арасындағы сабақтастықты нығайтуға қызмет етеді.

Әулет тарихын зерттеу арқылы біз бір адамның ғана емес, тұтас бір рудың, әулеттің ел тарихындағы орнын танимыз. Шүрек әулінің ұрпақтары да кейінгі кезеңдерде ел ішінде өзіндік із қалдырған.

Солардың бірі – Тіней қажының баласы Сүлеймен туралы ел ішінде сақталған деректер. Сүлеймен елге сыйлы, саудаман айналысқан, сыншылық қасиетімен танымал адам ретінде сипатталады.

Жырда:
«Сүлеймендей бабамыз ел сыйлаған,
Саудагер әрі атақты сыншы болған», – деген жолдарым бар.

Бұл да әулет тарихының жалғастығын көрсетеді. Қазақта «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөз бар. Бұл сөздің мәні тек жеті атаны жатқа білумен шектелмейді. Ол – өзінің кім екенінді, ата-бабаның қандай жолдан өткенін, елге қандай қызмет жасағанын білу деген сөз.

Шүрек әуліе туралы деректерді кейінгі ұрпаққа жеткізу де осы мақсатпен маңызды. Өйткені уақыт өткен сайын аузыша айтылған өңгімелердің кейбір нұсқалары ұмытылуы немесе өзгеруі мүмкін. Сондықтан мұндай тарихи өңгімелерді қағазға түсіріп, шежірелік деректермен толықтырып, ел ішіндегі қариялардың естеліктерін жинақтап отыру қажет.

Бүгінгі ұрпақ үшін Шүрек әуліе – өткен дәуірдің жұмбақ тұлғасы ғана емес. Ол – ата-баба аманатының, халық жадындағы қасиетті ұғымның және елдің тарихтың бір белгісі.

Шүректің тағдыры бізге тағы бір нәрсеңі ұқтырады: адамның өмірі қысқа болғанымен, оның елге жасаған жақсылығы мен артында қалдырған өнегесі ұзақ жасайды.

Жыр соңындағы:
«Шүрек ата жайлы айтсам жыр таусылмас», – деген сөздің өзінде үлкен мағына бар. Шынында да, Шүрек туралы айтылар өңгіме бір жырмен

Омбы облысының Есілкөл ауданында өмір сүріп келе жатса да, Тіней қажыдан тараған ұрпақтың тарихын ұмытпай, кейінгі буынға жеткізіп отырғаны – біз үшін үлкен өнеге. Бұл – ата-баба рухын ұлықтаудың ең биік үлгілерінің бірі. Бабалар тарихы көбіне архив құжаттарында ғана емес, халықтың жадында, үлкендердің өңгімесінде, шежіреде, отбасылық естеліктерде сақталады.

Сондықтан Қазыбек Барлыбекұлы сияқты көнеқоз қариялардың айтқан әрбір дерегін жазып алып, ғылыми тұрғыдан жүйелеп, архивтік құжаттармен салыстырып, келешек ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз.

Осы жолғы ізденістер барысында Сартай қорымының орны анықталып, бабалар рухына тағзым жасалып, 2026 жылғы 5 қыркүйекте биіктігі 3,5 метр болатын тас орнатылды. Оның 2,5 метрі жер үстінде орналасқан. Бұл белгі – қасиетті мекеннің тарихын келешек ұрпаққа танытатын рухани нышан болмақ.

Сондықтан Шүрек әуліеден Қарауылшаға, Қарауылшадан Тіней қажыға дейін жалғасқан тарихи-рухани сабақтастық – бір әулеттің ғана емес, тұтас елдің тарихи жадынан танытатын құндылық. Тіней қажының өмірі мен қоғамдық-діни қызметін, оның қажылық сапарын, ұрпақтары мен ел арасындағы беделін зерттеу арқылы біз сол дәуірдің қоғамдық және рухани келбетін де тереңірек тани аламыз.

Осы игі істің жүзеге асуына қолдау көрсеткен Тайынша ауданының әкімі Берік Ақылжанұлы Әлжановқа, Агроном ауылының азаматы, «Агроном-Тайынша» ЖШС-нің жетекшісі Жұмағали Жартайұлы Ғабдуллинге, сондай-ақ аса беріп, қолдау көрсеткен Асылбек Жағыпарұлына және осы іске атсалысқан барша азаматтарға шын жүректен алғысымды білдіремін.

Осы ретте қасиетті жердің тарихын бізге жеткізген Әшірбек Ақылбекұлына да алғысымды білдіремін. Оның айтуынша, Сартай қорымы маңында мал бағып жүрген кезінде егістік алқабында шөп өртенгенімен, бір ғана жердің өзгелер сияқты жанбай қалғанын байқаған. Бұл өңгімені оған атасы Көпірбай Жұмабайұлы (1906–1992) айтып кеткен екен.

Көпірбай атамыздан қалған дерек бойынша, осы маңда Уақ елінен шыққан үлкен әулие-қажылар жерленген деген сөз ұрпақтан-ұрпаққа жеткен. Әсіресе, алыстағы қасиетті орынға барып, бабалар аманатын жаңғыртуға ниет білдірген азаматтардың жанашырлығы мен көмегі – үлкен азаматтықтың белгісі.

Бір адамның бастаған ісіне ел болып қолдау көрсетуі – тарихи жадымыздың әлі де берік екенін көрсетеді. Бабаларымыздың жатқан жерін анықтап, белгі орнату арқылы біз өткенді ғана емес алып отырған жоқпыз. Біз келешек ұрпаққа жол көрсететін тарихи белгі қалдырып отырмыз. Ертең бұл жерге келген жас ұрпақ: «Бұл жерде біздің бабаларымыз жатыр, олардың өмірі мен өнегесі ел тарихының бір бөлігі» деп тағзым етсе – бүгінгі еңбегіміздің ең үлкен нәтижесі сол болмақ.

«Бабаның сөзі – балаға аманат» дейді халқымыз. Ендеше, бабалардан қалған аманатты сақтау, олардың есімін ұлықтау, қасиетті жерлерін қорғау және тарихи шындықты кейінгі ұрпаққа жеткізу – баршамызға ортақ міндет.

2026 жылғы 5 қыркүйекте орнатылған бұл тас – бабалар рухына тағзымның, ұрпақ сабақтастығының және тарихи жадының белгісі болып қала берсін.

Бабалар рухы риза болсын!
Елге жасаған игі істеріңіз қабыл болсын!

Ұрпақтарымыз ата-баба тарихын ардақтап, қасиетті мұраларымызды көзіңіз қарашығындай сақтасын!

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ
PhD, Қазақстан және Орталық Азия тарихын зерттеу институтының бас директоры.

САЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 74 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰП ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ



ҚАЗАҚСТАНДА ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ
74 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰП
ШАҢЫРАҚ КӨТЕРДІ
С НАЧАЛА ГОДА В КАЗАХСТАНЕ
ПОЯВИЛОСЬ БОЛЕЕ
74 ТЫСЯЧ НОВЫХ СЕМЕЙ

Қазақстанда жыл сайын қыркүйек айының екінші жексенбісінде отбасы құндылықтарын дәріптеп, жанұядағы өзара түсіністік пен қолдаудың маңызын айқындайтын Отбасы күні атап өтіледі. Осы өткен айтулы мерекеге орай «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы еліміздегі неке қию көрсеткіштеріне қатысты статистиканы ұсынады.

2026 жылдың қаңтар-тамыз айларында Қазақстанда 74 648 неке ресми түрде тіркелді. Оның жартысынан астамы жаз айларына тиесілі. Неке қиюға деген белсенділік жаз мезгілінде артып, дәл осы кезеңде көптеген жұп отбасын құру туралы шешімін ресми түрде бекіткен.

«АХАТ» функциялары 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Мемлекеттік корпорацияға берілді. Содан бері біздің қызметкерлер шамамен 400 мың неке тіркеп, 1 миллионнан астам туу туралы куәлік берді.

Әрбір көрсетілген қызметтің артында азаматтардың өміріндегі маңызды оқиғалар тұр. Сондықтан біз қызмет көрсету үдерістерін жетілдіруге, цифрлық сервистерді дамытуға, мемлекеттік қызметтерді азаматтар үшін барынша ыңғайлы, қолжетімді және сапалы етуге басымдық беріп келеміз», - деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев. Еліміздің барлық өңірінде шаңырақ көтеріп, жаңа отбасы құруға деген ұмтылыс жоғары. Дегенмен, неке қию көрсеткіші бойынша ірі қалалар мен халық тығыз орналасқан өңірлер алдыңғы қатарда. Ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласында тіркеліп, мұнда 12 344 неке қиылған. Екінші орында Астана қаласы тұр, онда 9 074 жұп өз қарым-қатынасын ресми түрде рәсімдеген. Ал үшінші орында 5 611 неке қиылған Түркістан облысы тұр.

Биыл маусым айы неке қию көрсеткіші бойынша көш бастады. Осы кезеңде 15 мыңнан астам жұп өз қарым-қатынасын ресми түрде рәсімдеді. Тамыз айында 11 761 жұп шаңырақ көтерсе, шілдеде бұл көрсеткіш 11 674-ті құрады. Жалпы, жаз айларында елімізде 38 мыңнан астам жұп отбасын құрды. Бұл 2026 жылдың сегіз айында қиылған некелердің жалпы санының жартысынан астамын құрайды.

Неке тіркеу – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің бірі. Неке тіркеуге өтінішті тіркеуші органға тікелей жүгіну арқылы, электронды үкімет порталы арқылы онлайн форматта, сондай-ақ екінші деңгейдегі банкітердің мобильді қосымшалары арқылы беруге болады.

**«Азаматтарға арналған үкімет»
Мемлекеттік корпорациясы» АҚ
баспасөз қызметі.**

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

БАЛАҒА БАСПАНА МЕН БІЛІМ АЛУҒА ҚАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖИНАУҒА БОЛАДЫ?



Бүгінде Қазақстанның әрбір баласында бұрын болмаған мүмкіндіктер бар. Мемлекеттен берілетін бастапқы капитал және Ұлттық қордан түсетін қаражат. Балаға берілетін бұл қаражат уақыт өте келе бірнеше миллион теңгеге дейін өсіп, оның білім алуына немесе жеке баспанасын сатып алуына жұмсалыуы мүмкін. Ата-аналар үшін басты артықшылығы – жинақты нәлден бастаудың қажеті жоқ. Себебі алғашқы қадамды мемлекет жасап қойды.

Баланың болашағына капитал жинауға «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы, «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі және «AQYL» білім беру депозиті көмектеседі. «Бөйтерек» холдингінің еншілес ұйымы – «Отбасы банкі» жинақтарды тиімді сақтап, оларды болашақта білім алуға немесе тұрғын үй сатып алуға жұмсау үшін көбейтуге мүмкіндік береді.

Алғашқы капитал қазірдің өзінде бар

2024 жылдан бастап Қазақстанның әрбір баласына Ұлттық қордан инвестициялық табыстың бір бөлігі аударылады. Бағдарламаға үш жыл қатарынан қатысып келе жатқан балалардың шотында қазірдің өзінде 370,56 АҚШ доллары жинақталды. 18 жасқа толған қазақстандықтар бұл қаражатты бірден пайдалана алады. Оны тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе білім алуға төлеуге жұмсауға болады.

Жинақ сомасы өзiрге салыстырмалы түрде аз. Сондықтан қазақстандықтардың басым бөлігі бұл қаражатты бастапқы капитал ретінде пайдаланып, өрі қарай жинақтарын жалғастырып, «Отбасы банкіндегі» депозиттерін толықтырады. Мұны қазірдің өзінде 198 949 жасөспірім жасады. Үш жыл ішінде олар Ұлттық қордан түскен 19,5 млрд теңгеге жинақ шоттарына бағыттаған.

Олардың барлығы қаржылық сауаттылықтың негізгі қағидатын жақсы түсінеді: ақша қозғалыста болуы керек. Өйткені көмелетке толғаннан кейін қаражат БЖЗҚ-қа ғыналыс шотта қала берсе, оған қосымша табыс есептелмейді. Ал егер ақша 10 жыл ішінде пайдаланылмаса, ол шот иесінің зейнетақы шотына аударылады.

Ұлттық қордан түскен жинақ «Отбасы» банкіндегі азаматтарға қалай жұмыс істейді:

- жинаққа банктің 2% мөлшеріндегі сыйақысы және 200 АЕК-тен аспайтын сомаға 20% мөлшерінде мемлекеттік сыйлықақы есептеледі. Мемлекеттік сыйлықақыны ескергенде, депозит бойынша ЖТСМ 14%-ға дейін жетеді;
- қаражатты тұрақты түрде жинақтау арқылы жылдық 3,5%-дан 8,5%-ға дейінгі мөлшерлемемен тұрғын үй замын алуға болады.

- бастапқы жарнасы мен мөлшерлемесі төмендетілген тұрғын үй бағдарламаларына, оның ішінде «Наурыз» бағдарламасына қатысу мүмкіндігі артады;

- депозитті тұрақты толықтырып отыру табысты растаусыз тұрғын үй замын алуға мүмкіндік береді.

Бүгінде Ұлттық қордан түскен қаражатты Otbasu bank мобильді қосымшасы арқылы бірнеше қадаммен алуға болады. Алдағы күндері бұл процесс жасанды интеллект агентін енгізу арқылы одан өрі жеделдетіледі. Жасанды интеллект құжаттарды автоматты түрде тексеріп, өтінімді қарау уақытын бір минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

«Келешек» бағдарламасы бойынша «Отбасы» банкіндегі балалардың шоттарына 8,2 млрд теңге аударылды.

Өткен жылдан бастап Қазақстанда «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесі жұмыс істейді. Бағдарлама аясында мемлекет бес жасқа толған балаларға бастапқы білім беру капиталын береді. Бұл қаражат «AQYL» білім беру депозиттеріне аударылып, баланың болашақтағы

біліміне арналған алғашқы жинағына айналады.

«Отбасы банкі» арқылы мұндай мемлекеттік қолдауды қазірдің өзінде 35 070 қазақстандық бала алды. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың жалпы сомасы 8,2 млрд теңгеге құрады.

Алдағы күндері мемлекеттік қолдау алатын балалардың саны тағы да артады. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында бес жасқа толған 15 085 баланың шотына бастапқы білім беру капиталы аударылады. Олардың «Отбасы банкіндегі» білім беру депозиттеріне 3,9 млрд теңге түседі. Ал 2026 жылдың екінші жартыжылдығында бес жасқа толатын балаларға қаражат 2027 жылғы ақпанда аударылады.

Осылайша, 2026 жылдың қорытындысы бойынша 29 099 бала бастапқы білім беру капиталын алады. Мемлекеттік қолдаудың жалпы сомасы 7,5 млрд теңгеге құрайды.

Старттық капиталды мемлекеттен сақтап қалу үшін ата-аналар баласы көмелетке толғанға дейін немесе білім беру ұйымына түскенге дейін «AQYL» депозитіне жыл сайын жарна салып отыруы қажет.

2026 жылы жылдық ең төменгі жарна 24 АЕК немесе 103 800 теңгеге құрайды.

Әлеуметтік осал топтарға жататын балалар үшін бұл сома 12 АЕК немесе 51 900 теңге.

Ал жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың атына ашылған «AQYL» депозитіне міндетті жыл сайынғы жарна салу талап етілмейді.

«AQYL» депозитінде қаражат жинауға ата-аналарға мемлекет пен «Отбасы банкі» қолдау көрсетеді:

- банк сыйақысы 13,84% мөлшерінде есептеледі (ЖТСМ – 14,75%-дан бастап);

- мемлекеттік сыйлықақы: салымшылардың барлық санаты үшін – 5%. Ал жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүгедектігі бар балаларға, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға – 7%.

Мысал:

2026 жылы баласы бес жасқа толған отбасын алайық. Ата-анасы баласына «Отбасы банкінен» «AQYL» білім беру депозитін ашады. «Келешек» бағдарламасы аясында тамыз айында мемлекет баланың шотына 260 мың теңге мөлшерінде бастапқы білім беру капиталын аударды.

Мемлекеттік қолдау мұнымен аяқталмайды. Бала көмелетке толғанға дейін ата-анасы депозитті жыл сайын міндетті жарна – 24 АЕК мөлшерінде толықтырып отырады. Жинаққа мемлекеттік сыйлықақы мен банктің сыйақысы да есептеледі.

Бала 18 жасқа толғанға білім беру депозитіндегі жинаққа «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша алған қаражатын қосуға болады. Осылайша, колледжге немесе университетке түсер кезде отбасының қолында бірнеше миллион теңге көлемінде капитал қалыптасады.

Егер бала грантқа оқуға түссе, жинақталған қаражатты іні-қарындастарына немесе сіңілеріне беруіне, не болмаса қаражатты «Отбасы банкіндегі» депозитке аударып, баспана сатып алуға пайдалануға болады.

«Отбасы банкі» АҚ баспасөз қызметі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

ТҮТІН ӨРТ ХАБАРЛАҒЫШТАРЫН ОРНАТЫҢЫЗ!



Өрт қауіпсіздігі:

түтін өрт хабарлағыштарын орнатыңыз!
Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларының 154-1-тармағына сәйкес, жеке тұрғын үйлердің тұрғын үй-жайлары автономды оптикалық-электрондық түтін өрт хабарлағыштарымен жабдықтауы тиіс.

Өрт хабарлағышы не үшін қажет?

Автономды түтін өрт хабарлағышы түтіннің пайда болғанын дер кезінде анықтап, қатты дыбыстық сигнал береді. Бұл өсіресе түнгі уақытта өте маңызды, өйткені адам өртті бастапқы кезеңінде байқамай және сезбей қалуы мүмкін.

Хабарлағыш өз қызметін дұрыс атқаруы үшін:

- тестілеу батырмасының көмегімен оның жұмысқа жарамдылығын үнемі тексеріңіз;
- қуат көздерін (батареяларын) уақытында ауыстырыңыз;
- хабарлағыштың тесіктерін жапсырмамен жаппаңыз және бітемеңіз;
- құрылғыны шаң мен ластанудан тазартып отырыңыз;
- жарамды өрт хабарлағышын шешпеңіз және өшірмеңіз.

Есте сақтаңыз!

Өрт күтпеген жерден шығуы мүмкін, ал ұйқы кезінде түтін ерекше қауіп төндіреді. Уақытылы берілген дыбыстық сигнал өртті бастапқы кезеңінде анықтауға, отбасы мүшелерін оятуға және эвакуациялау үшін қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Орнатылған және жарамды өрт хабарлағышы адам өмірін сақтап қалуы мүмкін!

Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыз!

«БАЛКОН – ҚОЙМА ЕМЕС!»



Балкондар мен лоджияларды қажетсіз заттарды сақтайтын орынға айналдыру өрт қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Көп жағдайда тұрғындар балкондарда ескі жиһаздарды, картон қораптарды, қағаздарды, пластик бұйымдарды және басқа да тез тұтанатын материалдарды сақтайды.

Мұндай заттар өрт шыққан жағдайда жалынның жылдан таралуына себеп болуы мүмкін. Кейде өрттің шығуына бір ғана сөндірілмеген темекі тұқпылы немесе ақаулы электр құрылғысы жеткілікті.

Жоғары қабаттан немесе сырттан балконға түскен сөндірілмеген темекі тұқпылы жанғыш материалдарға тиіп, қысқа уақыт ішінде өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар электр сымдарының ақаулығы, қысқа тұйықталу немесе жарамсыз электр құрылғыларын пайдалану да өрттің туындау қаупін арттырады.

Осыған байланысты тұрғындарға балкондар мен лоджияларда өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігі ескертіледі.

Балконды қажетсіз заттарды сақтайтын қоймаға айналдырмаңыз. Ескі жиһаздарды, қағаздарды, картон қораптарды, пластик және басқа да жанғыш материалдарды балконда жинамаңыз.

Өрттің алдын алу үшін:

- балкондар мен лоджияларда жанғыш және тез тұтанатын заттарды сақтамаңыз;
- ақаулы электр құрылғыларын пайдаланбаңыз;
- электр сымдары мен құрылғыларының жарамдылығын үнемі тексеріңіз;
- темекі тұқылдарын терезеден немесе балконнан тастамаңыз;
- өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыз.

Өрт немесе түтін байқалған жағдайда дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз! Есіңізде болсын: балкон – қойма емес! Өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтау – мүлкті, денсаулықты және ең бастысы, адам өмірін қорғаудың маңызды кепілі.

**Мағжан Жұмабаев ауданының
төтенше жағдайлар бөлімі.**



Дүйсенбі, 21 қыркүйек	Сейсенбі, 22 қыркүйек	Сәрсенбі, 23 қыркүйек	Бейсенбі, 24 қыркүйек	Жұма, 25 қыркүйек	Сенбі, 26 қыркүйек	Жексенбі, 27 қыркүйек
QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 04.45 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.05, 03.40 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАՏՆՈԼՊԱՆ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.15 АПТА. 14.55 АҚОРДА. 15.15, 04.35 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.25 Д/Ф. 15.55, 21.30 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЕСІМ». 17.20, 00.50 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 22.25, 01.45 АШЫҚ АЛАҢ. 23.20 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 06.05, 03.20 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАՏՆՈԼՊԱՆ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20, 04.15 БІР ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ. 14.40, 04.35 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 14.50, 04.45 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.30 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЕСІМ». 17.20, 00.50 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 22.25, 01.40 АШЫҚ АЛАҢ. 23.20 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 06.05, 03.20 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАՏՆՈԼՊԱՆ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20, 04.15 ЗАҢ АЛДЫНДА. 14.35, 04.30 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 14.45 SUPERSTAR KZ. 14.50, 04.40 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.30 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЕСІМ». 17.20, 00.50 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 22.25, 01.40 АШЫҚ АЛАҢ. 23.20 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.20 АҚПАРАТ. 06.05, 03.20 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАՏՆՈԼՊԱՆ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 02.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20, 04.10 ТАЗА САНА. 14.55, 04.45 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.30 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЕСІМ». 17.20, 00.50 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 22.25, 01.40 АШЫҚ АЛАҢ. 23.20 «1001 ТҮН».	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.00 АҚША ӘЛПІШЕСІ. 06.05, 03.55 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 07.00 «ТАՏՆՈԼՊԱՆ». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.10, 03.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 14.20 ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС. 14.50 SUPERSTAR KZ. 14.55, 04.45 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 15.55, 21.30 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЕСІМ». 17.20, 01.25 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 22.25, 02.15 АШЫҚ АЛАҢ. 23.20 «1001 ТҮН». 00.20 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35, 20.00 АҚПАРАТ. 06.05, 02.05 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 08.00, 04.45 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.45 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00, 03.40 PRIME ERA. 12.25, 20.00 «SUPERSTAR KZ». 14.40 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 15.00 «ДОС-МҰҚАСАН», Х/Ф. 17.30, 01.00 «ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ». 17.45, 01.15 «ҚҰРЫЛТАЙ». 22.05 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 23.00 «ҚАЙТПАС ҚАЙСАРЛАР», Х/Ф. 01.30 ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС. 04.00 «АДАМ ТӨННІҢ ҒАЖАЙЫПТАРЫ», Д/Ф.	QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАҢ. 05.35 Д/Ф. 06.05, 03.05 Т/Х «ҚҰДАША ҚЫЗ». 08.00 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 08.45 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК». 12.00, 04.25 «ЖАСАМПАЗ ҰЛТ». 12.25 «SUPERSTAR KZ». 14.40 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 15.30 «ҚАЙТПАС ҚАЙСАРЛАР», Х/Ф. 17.40, 02.40 АҚОРДА. 20.00, 02.00 АПТА. 20.40 Т/Х «СОНҒЫ ХАТ». 21.35 ТҰРСЫНБЕК ҚАБАТОВТЫҢ КЕШІ. 23.30 «ДОС-МҰҚАСАН», Х/Ф. 04.45 «АДАМ ТӨННІҢ ҒАЖАЙЫПТАРЫ», Д/Ф.

Дүйсенбі, 21 қыркүйек	Сейсенбі, 22 қыркүйек	Сәрсенбі, 23 қыркүйек	Бейсенбі, 24 қыркүйек	Жұма, 25 қыркүйек	Сенбі, 26 қыркүйек	Жексенбі, 27 қыркүйек
ХАБАР 05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 11.00 М/Ф. 13.10 НАРОДНЫЙ КОН- ТРОЛЬ. 13.40 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.30 КИНО. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ. 00.10 Т/С «ЛОВУШКА». 01.00 Т/С. 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 12.00 ОЙНАІҚ. 13.00 ӨЗЕКТІ. 13.30 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.30 КИНО. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ. 00.10 Т/Х «ЛОВУШКА». 01.00 Т/С. 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 12.00 ОЙНАІҚ. 13.00 БЗДІҢ НАЗАРДА. 13.30 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.30 КИНО. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ. 00.10 Т/Х «ЛОВУШКА». 01.00 Т/С. 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 12.00 ОЙНАІҚ. 13.00 ӨЗЕКТІ. 13.30 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.30 КИНО. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ. 00.10 Т/Х «ЛОВУШКА». 01.00 Т/С. 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 09.00, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 12.00 ОЙНАІҚ. 13.00 ЦИФРОВОЙ КОД. 13.30 Т/Х «ШАШУ». 15.00, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 16.30 КИНО. 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 23.00 КЕШРЕС. 00.10 Т/Х «ЛОВУШКА». 01.00 Т/С. 02.30 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 COVER SHOW. 06.00 КОНЦЕРТ. 08.30 «БАЛАМ ҮШІН». 09.00 АЗАМАТ. 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 11.00 М/Ф. 13.45, 23.00 БОЕВИК. 15.00 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС. 16.30 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 19.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ- ЖЕК. 22.00 7 КҮН. 22.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 00.40 Т/С. 02.10 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 COVER SHOW. 05.30 КОНЦЕРТ. 07.30, 19.00 КОНЦЕРТ. 09.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР». 11.00 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.00 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ОЗОРНАЯ СЕМЕЙКА». 13.15 М/Ф. 14.45, 23.00 БОЕВИК. 16.30 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ». 22.00 7 КҮН. 22.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ НОВОСТИ. 00.15 Т/С. 01.45 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 21 қыркүйек	Сейсенбі, 22 қыркүйек	Сәрсенбі, 23 қыркүйек	Бейсенбі, 24 қыркүйек	Жұма, 25 қыркүйек	Сенбі, 26 қыркүйек	Жексенбі, 27 қыркүйек
ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «В ОДНУ РЕКУ ДВАЖДЫ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 13.10 АНАЛИТИКА. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00, 01.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ВАСЬКА». 02.20 Т/С «ЗНАХАРЬ».	ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «В ОДНУ РЕКУ ДВАЖДЫ». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00, 01.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ВАСЬКА». 02.20 Т/С «ЗНАХАРЬ».	ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «ЦЕПЛЯЯСЬ ЗА ЛЕД». 07.00 Т/С. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00, 01.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ВАСЬКА». 02.20 Т/С «ЗНАХАРЬ».	ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «ЦЕПЛЯЯСЬ ЗА ЛЕД». 07.00 Т/С. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00, 01.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ВАСЬКА». 02.20 Т/С «ЗНАХАРЬ».	ЕВРАЗИЯ 06.00 Т/С «ЦЕПЛЯЯСЬ ЗА ЛЕД». 07.00 Т/С. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 13.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 19.00, 03.45 КӨРЕМІЗ- ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 «ҚҰРЫЛТАЙ ОНЛАЙН». 21.00 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.30 Т/С «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-4».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 04.00 ҚАЙМАҚ. 07.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 08.00 ҚҰРЫЛТАЙ ОНЛАЙН. 08.30 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 10.45 ПОЛЕ ЧУДЕС. 12.20 Д/Ф. 13.00 «ДЕЛА ЖИТЕЙСКИЕ-4», Х/Ф. 17.30 ТОЧЬ-В-ТОЧЬ. 20.00 BASTY PRIME. 20.50 «МИМО ТЕЩИННОГО ДОМА», Х/Ф. 01.45 «ИНФАНТ», Х/Ф.	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.30 ҚАЙМАҚ. 07.35 «BASTYPRIME». 08.35 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 11.05 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 12.45 «МИМО ТЕЩИННОГО ДОМА», Х/Ф. 17.40 «ЛЕГЕНДЫ НАШИХ ПРЕДКОВ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «МУЖ МОЕЙ МЕЧТЫ», Х/Ф. 01.40 «КОМАНДЫ».

«Жақсы мінез – құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады.»
«Адамның басына қонаған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез – құлыққа байланысты.»
ӘЛ-ФАРАБИ.



С ОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ

СТУДЕНТТЕР - АУДАНЫҚ АРХИВТЕ



15 қыркүйек күні «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» ЖММ Мағжан Жұмабаев ауданының филиалында Солтүстік Қазақстан облысының 90 жылдығына арналған Ашық есік күні белсенді өтті. Әр шараның қонақтары Бұлаев қаласындағы «Жастың дүниесі» және «Сарысу» ЖММ 2-ші кұрсы студенттері болды. Экскурсияны архив инспекторы Надежда Мерзоева жүргізді. Жастарды мұрағат ісінің бай және қызықты әлеміне таныстырды.

Мекемен танысу оның тарихына еңуден басталды. Архив 1989 жылғы 14 қарашадан бастап, Бұлаев аудандық атқару комитетінің № 206 шешімімен Бұлаев аудандық халық депутаттары кеңесінің Атқару комитеті жанынан ведомстваралық архив құрылған кезден бастап жұмыс істеп келеді. Бірнеше қайта құрудан өткен архив қазір «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» ЖММ Мағжан Жұмабаев ауданының филиалы болып аталады.

2025 жылдың шілдесінен бастап архивті басқарып келе жатқан филиал директоры Төлеген Әлжанұлы Әбілмәжінов келген қонақтарға құттықтау сөз сөйледі. Ол мекеменің белсенді дамып келе жатқанын атап өтті:

тәжірибеге біздің өлкеміздің тарихының сенімді сақталуын қамтамасыз ететін озық жұмыс әдістері мен цифрлық технологиялар енгізілуде.

Ашық есік күні бағдарламасында Солтүстік Қазақстан облысының 90 жылдық мерейтойы ерекше орын алды. Меймандар үшін «Бірлік. Тарих. Даму. Болашақ» атты тақырыптық экспозициялар дайындалды. Жастарға өңір дамуының негізгі кезеңдері еске салынды: 1936 жылғы 29 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысының құрылуы, 1930 жылдардағы жерлерінің еңбек жетістіктері, сондай-ақ ауданның көрнекті адамдары, олардың арасында Батыр ана Сайлаубике Сәрсенбайқызы Шаяхметова туралы айтылды.

Қазіргі заманның маңызды оқиғалары, оның ішінде 2026 жылғы 23 тамызда

өткен Қазақстан Республикасы құрылтай депутаттарының сайлауы туралы да еске алынды.

Әрі қарай студенттер мамандардың жұмыс орындарындағы қызметімен танысты, сондай-ақ мұрағат қоймалары бойынша экскурсияға барды. Жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетумен жоғары санатты мұрағатшы Татьяна Анатольевна Макарова айналысады, оның еңбек жолы 23 жылдан бері аудан архивімен тығыз байланысты.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін орындайтын мұрағатшы Марина Сергеевна Чебураеваның кабинетінде экскурсия жалғасты. Бүгінгі таңда филиалдың есебінде 254 қор бар, оның ішінде 93 286 сақтау бірлігі, сондай-ақ 25 жеке қор, 165 сақтау бірлігі және 222 фотоқұжат бар. Ең алғашқы

материалдар 1921 жылдан басталады. Қонақтарға температуралық-ылғалдылық режимінің қатаң сақталуы, істерді қайта құрудың маңызды жұмысы және мұрағат қорларында есепке алу мен тәртіпті қамтамасыз ету туралы айтылды. Құжаттарды ғылыми-техникалық өңдеудің және оларды оқушылардың есебіне қоюдың қыр-сырымен жоғары санатты мұрағатшы Светлана Юрьевна Гринкова таныстырды.

Шағын архив музейі студенттердің ерекше қызығушылығын тудырды, онда бай тарихи коллекция жинақталған. Оның әрбір экспозициясы негізгі оқиғалар мен дәуірлерді айқын көрсетеді. Қонақтар Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және жергілікті қақтығыстардағы жерлерінің ерліктері туралы баяндайтын стендтерді егжей-тегжейлі зерттеді: түпнұсқа хаттар, мұрағаттық фотосуреттер және соғыс жылдарындағы бұйрықтар әр сарбаздың тағдыры мен табандылығын сезінуге мүмкіндік береді. Ұлттық тарих пен мәдениеттің маңызды кезеңдеріне арналған бөлімдер де назардан тыс қалмады. «Алаш» қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың 160 жылдығына арналған экспозиция және Ұлы Абай мұрасы туралы материалдар олардың қоғам дамуына қосқан үлесі туралы тереңірек білуге мүмкіндік берді. Кездесу ақын және патриот Мағжан Жұмабаевқа арналған ескерткіш бұрышында мәресіне жетті. Мұнда өмірбаяндық мәліметтер мен өлеңдермен танысып, студенттер белгілі сөз шеберінің қиын өмір және шығармашылық жолы туралы көбірек біле алды.

Кездесу соңында қонақтар архивист және компьютерлік техника операторы Қарасай Қанатбайұлы Манғлибаевтың материалдарын цифрландыруға және «Е-Мұрағат» жүйесіндегі жұмысқа жауапты, инспектор Надежда Викторовна Морозованың іс номенклатурасы бойынша мекемелерге әдістемелік көмек көрсететін және кадрлар жөніндегі инспектор Динора Қанатбайқызы Маңғытбаеваның филиалдың ағымдағы құжаттарын жүйелейтін жұмысымен танысты.

Ашық есік күні оқуда сәттілік тілеумен және естелік ортақ фотосуретке түсумен аяқталды. Мұндай кездесулер жастарға архив - тек қағаздар қоймасы ғана емес, халқымыздың тірі және үздіксіз жады екенін айқын көрсетеді.

Төлеген ӘБІЛМӘЖІНОВ,
аудандық архивтің директоры.

ШАҒЫН ФУТБОЛ

ДЕРИНГ МАТВЕЙДІ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ТУРНИР

12 қыркүйек күні Возвышенка ауылында Дошеннің бұлшықет дистрофиясы дертіне шалдыққан Деринг Матвейге қолдау көрсету мақсатында шағын футболдан қайырымдылық турнирі өтті.

Турнирге LFC «Vozvyshenka», «Юниор», «Аралғаш» шекара заставасының ұжымы, Ұзынқөл ауылдық округі мен Возвышенка орта мектебінің мұғалімдер командасы барлығы бес команда қатысты.

Турнир қорытындысы бойынша LFC «Vozvyshenka» жеңімпаз атанса, «Аралғаш» шекара заставасының командасы 2-ші орынды иеленді, ал «Юниор» аяқдошылары 3-ші орыннан көрінді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен және кубоктармен марапатталды. Қалған қатысушылар белсенді қатысқаны үшін алғыс хаттармен марапатталды.

Осы қайырымдылық шарасына қатысқан әрбір жанға шынайы алғысымызды білдіреміз. Қатысушыларға, спортшыларға,



жанкүйерлерге, төрешілерге және турнирдің өтуіне атсалысқан барша азаматтарға ерекше ризашылығымызды білдіреміз. Бейжай қарамай, қолдау көрсетіп, жанашырлық таны-

тып, көмек көрсетуге ұмтылғандарың үшін алғыс айтамыз. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында спорттық шара бірлік, мейірімділік пен өзара көмекке толы шынайы мерекеге айналды.

Матвейге қолдау көрсетіп, игі шарадан шет қалмаған барша жандарға ерекше алғысымызды білдіреміз. Әрбір көмек пен әрбір жылы сөздің маңызы зор. Сондықтан бірге біз көп нәрсеге

қол жеткізе аламыз! Жақсылық адамдарды біріктіреді!

Шолпан ТОҚПАЕВА,
«Помощь рядом» еріктілер
қозғалысы үйлестірушісі.

Директор - бас редактор
Незя ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС»

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Бұлаев қаласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басқалым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет бейсені күні
шығады.
Жаныту индексі - 65360

«Magjan zhuldyzy» газеті
редакцияда тегіліп беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петровав к., Конуков к-сі, 5 үй).
Таралымы - 440

Газет аудан әкімдігі, аудандық
мәслихаттың таныс-рысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми басатын болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395 - Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізгі беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.